

**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 5 қыркүйек N 847

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703\_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1998 жылдың 7 қыркүйегіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес Министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарды бекітсін;

бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс әзірлесін және енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 5 қыркүйектегі  
N 847 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан  
Республикасы Қаржы министрлігінің бағдарламалары  
мен кіші бағдарламаларының

## ТІЗБЕСІ

N	Атауы	1998 жылғы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
	"Шығыстар" бөлімі		
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік шығыстар	Ұстауға	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар		
	Мемлекеттік қызметшілердің санағын жүргізу	қызметтер	Көрсетілген
		үшін	
	Бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік меншіктің тізімдемесін жүргізу	Бұл да	Бұл да
	Асыл металдарды сақтау	Бұл да	Бұл да
	Қайта ұйымдастыру және банкроттық рәсімдерді жүргізу	Бұл да	Бұл да
	Ақпараттық-есептеу қызметін көрсету	Бұл да	Бұл да
	Банк қызметтерін, клиринг байланыстарын, электрон почтасын, байланыстың ішкі аймақтық арналарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу	Бұл да	Бұл да
	Үйлерді күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету	Бұл да	Бұл да
	Нормативтік құқықтық құжаттарды шығару	Бұл да	Бұл да
	Қаржы, кеден және салық жүйелерін жетілдіру	Бұл да	Бұл да
	Мемлекеттік қаржы туралы деректер	Бұл да	Бұл да

	дің автоматтандырылған базасын		
	жасау		
	Мемлекеттік бюджетті қалыптастыру	Бұл да	Бұл да
	ісін автоматтандыру		
	Қаржы, кеден және салық жүйелерінің	Бұл да	Бұл да
	материалдық-техникалық базасын		
	нығайту		
	Акциздік маркаларды басып шығару	Бұл да	Бұл да
4	Білім беру		
	Республикалық деңгейде орындалатын		
	мемлекеттік тапсырыстар		
	Аппараттың кадрларын қайта даярлау	Ұстауға	Көрсетілген
	Мемлекеттік қаржы саласында жоғары		қызметтер
	оқу орындарында кадрларды даярлау		үшін
14	Негізгі топтарға жатқызылмайтын		
	шығыстар		
	Мемлекеттік борышқа қызмет көрсету		
	Мемлекеттік борыштар бойынша		
	сыйақыны (мүддені) төлеу		
	Қаржылық нарықтарда заемдарды		
	орналастырғаны үшін комиссиялық		
	төлемдер		
	"Өтеу шегерілген несиелендіру"		
	бөлімі		
	Бұрын берілген кепілдіктерге байла-		
	нысты несиелендіру		
	Экономика салалары бойынша мемле-		
	кеттік бағдарламалардың жұмыс іс-		
	теуі мен жүзеге асырылуын		
	несиелендіру		
	Жарғылық капиталдарға қатысу		
15	"Қаржыландыру" бөлімі		
	Қаржыландыру		
	Мемлекеттік борыштың негізгі		
	сомасын өтеу		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК